

**Шымкент қаласы білім басқармасы
№53 «Ер-Асыл» бебекшай бақшасы МКҚК**

Мектепалды «Қызғалдақ» тобы

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №1

Тәрбиеші: Усипбекова А.К.
Каржауова М.Ж.

2022-2023 оқу жылы

**№53 «Ер-Асыл» бөбекшай бақшасы
Мектепалды «Қызғалдақ» тобы**

Мерзімі: 23.09.2023 жыл

**Ата-аналар жиналышы
Хаттама №1**

Төрайым: Жантаева Г.Ж

Хатшы: Усипбекова А.К

Катысқанды: 18

Катыспағанды: 10

Шақыртылды: 25

Күн тәртібі:

1. Дөңгелек үстел басында бас қосу

Баяндама: «Анам, әкем және балабақша»

2. Ата-аналар комитетін сайлау, жана оку жылдарын жоспарымен таныстыру.

3. Әртүрлі мәселелер

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша осы топтың тәрбиешісі Усипбекова Айманның «Анам, әкем және балабақша» атты баяндамасы тындалды. «Қазіргі заман талабында отбасы баланың оку-тәрбиесіне араласу қажеттілігі айтылған. Сондыктan ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты дамыту өзекті мәселе болып отыр. Ата-анамен балабақша ынтымақтастығы - баланы оқыту мен тәрбиелеудегі баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да мақсат-мұддесі біреу – ол болашақ үрпақ тәрбиесі. Болашақ азамат тәрбиеленетін алғашқы ұя – отбасы, ата-ана құшагы. Жас сәбидін алғашқы естітіні анасының мейірбан сөзі, көретіні анасының аялы алақаны. Атақты ақын, жазушы F. Мұстафин айтқандай «Ата-ана қадірін білген бала халықтың қадірін білер. Ол үшін ез халқының дәстүрі мен мәдениетін, өнерін, тілін қадірлеуді ата-ана және ұстаз бол үйрету керек» Ендеше, «Жұмыла көтерген жұқ женіл» демекші, отбасы – балабақша бірлесе, ынтымақтаса отырып, оку-тәрбие жұмысын мақсатты турде жүргізсек, елдің халқының дәстүрін сыйлайтын ұлтжанды жеткіншек өсірудегі мақсатымыз сөзсіз орындалады деп сенеміз!» деп қысқаша түсіндіріп өтті.

Сөз сөйлемді:

Мирзаева Райхан (ата-ана): Көп жылдан бері бұл балабақшаның ата-анасы ретінде мен куана-куана баламды алып келемін. Балаларым осы балабақшада тәрбиеленіп жүр, ұжымға алғысым шексіз. Аудандық, қалалық байқауларға қатысып, жүлделі орындар алып жүр. Балаларды да түрлі байқауларға қатыстырып отырады. Ондай байқауларға қатысқан бала болашақта ез ойын ашық айта алатын, өмірге деген көзқарасы мен талпынысы арта түседі деп ойлаймын. Бұл ұжымда баланы жанымен сүйеттін, бала жанын түсінетін, мейірімді, білімді тәрбиешілер жұмыс атқарады. Өзімнің балам таңертен езі түріп, балабақшага қиналмай, куанып келеді. Жаңа оку жылдарында сіздерге үлкен жетістіктер мен табыстар тілеймін, - деп сөзін аяқтады.

Сұрақтар қойылды:

1. Топта жалпы неше бала отырады?

Жауап: 25 бала

2.Логопед маманы бар ма?

Жауап:-Ия логопед маманы жұмыс жасайды (Абдуллаева Гүлназ)

Көрсетілді:

Ата-аналарға тәрбиеші Каржауова Маржан «Нан дастарханға қалай келеді?»
ұйымдастырылған іс-әрекетін көрсетті.Көргеннен кейін тәрбиеші ата-аналарға көрмелерді
тамашалауды және баланың интеллектісін арттыратын «Lego» -ның түрлерін
көрсетіп,ойнап көруді ұсынды.

Сөз алды:

Тәрбиеші Усипбекова Айман бұл ойындарды ойнап отырған баланың ой-өрісі
көңеіп,ойлау,қиялдау қабілеттерінің артатынын және де құрастыра отырып, саусақ
моторикасының дамитынын,танымдық қабілетінің артатынын атап етті.Түстерді және
қөлемдерін ажыратуға үйренетінін және де бала деңсаулығына кауіпсіз екендігін айтты.

Сөз алды:

Екінші мәселе бойынша тәрбиешілер Усипбекова А.Қ мен Каржауова М.Ж ата-аналар
арасынан комитет төрайымын сайлап алу керектігін айттып,ата-аналарға ұсыныс таstadtы.
Топтың ата-аналары ортадан үш ата-ана сайлану қажеттілігін алға тартты.Біреуі төрайым
болса,екі көмекші қажет болатынын айттып,Орынбай Тоғжанның анасы көтерілген мәселе
бойынша сөз алыш,балабақша ұжынына жаңа оку жылында сәттілік пен
сабырлық,шығармашылы табыстар тілеп,балаларының үлкен жетістіктерге жетуіне осы
балабакшаның да улесі көп екенін,ата-ана болып балабақшамызға өз қолдауларын
білдіретінін атап айтты.Осылайша ата-аналардың ақылдасуымен комитет төрайымы
болып Мирзаева Райхан,ал көмекшілері ретінде Тұрдық Арай,Байдуллаева Эльвира болып
тағайындалды.Ата-аналар бірауыздан қолдау білдірді.

Дауыс берді:12

Колдады -15

Колдамады- 0 (бірауыздан)

Шешім:

1.Ата-аналар комитетінің төрайымы болып Мирзаева Райхан тағайындалсын.

Көмекші ретінде Тұрдық Арай мен Байдуллаева Эльвира тағайындалсын.

**2.Ата-ана қалауымен (костюмдер,оныншықтар,қурал-жабдықтар,ертеңі кітаптар
т.б)спонсорлық көмектер көрсетілсін.**

Сөз алды:

Тәрбиеші Усипбекова А биылғы жаңа 2022-2023 оку жылынан бастап топтың
мектепалды даярлық емес,мектепалды топ болып өзгертулгенін айтты.Бағдарлама «Білім
туралы»ҚР Занының 4-бабының 6-тармағына және 14-бабының 1-тармағына,«Мдт мен
окытудың,бастауыш,негізгі орта,жалпы орта,техникалық және кісіптік,орта білімнен
кейінгі бб-дін мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы»ҚР Оқу-агарту
министрінің 2022ж 3 тамыздагы №348 бүйрүгімен бекітілген Стандарт талаптарына
сәйкес әзірленгенін айтты.



Бағдарламаның мақсаты: Эр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Бағдарламаның міндеттері: Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған заттық-көністіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру және т.б.

Бұл топта тәрбиелеу мен білім процесін үйімдастыру үшін педагогтер КР БФ министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген (№8275) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспары негізінде оку жылына арналған үйімдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлейді, алға сайын циклограмма құрады, біліктер мен дағдылардың қалыптасу денгейін қадағалау үшін оку жылына арналған баланың жеке даму картасын әзірлейді деп түсіндіріп өтті.

Алтасына ҰІӘ-тің саны 20 сағатты, ұзақтығы 20-25 минутты күрайтынын айтты. МДҰ-дағы мектепалды топта баланың қызығушылықтары ескеріліп, ҰІӘ-ті өткізу күні бойы кіріктірілген турде немесе жеке жоспарланады.

5 дағды бойынша жұмыс жасалатынын атап көрсетті:

1. Физикалық қасиеттерді дамыту
2. Коммуникативті дағдыларды дамыту
3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту
4. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
5. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Сөз сейледі:

Ушінші мәселе бойынша тәрбиеші Каржауова Маржан ата-аналарды күн тәртібімен таныстыруды. Бала танертен кешікпей, уақтылы балабакшага келуі керектігін, аяу-райына сай киіндіру керектігін және төлем жарнасының (Каулы №1417, 01.08.2022ж)

3 жастан 7 жасқа дейін 686,04 теңгені құрайтынын айтты. Төлемақыны әр айдың 10-шы жүлдізына дейін төлеп қою керектігін және де балабақшадан себепсіз қалдырмауды, егер ауырған жағдайда анықтама қағазын әкеліп беру керектігін атап айтты.

Сөз сөйледі:

Әдіскер Жантаева Гүлнар Жандарбеккызы тәрбиешілерге жаңа 2022-2023 оку жылында педагогтарға сәттілік, шығармашылық табыстар тілеп, ата-аналарға балабақшамен тығыз байланыста болуды, қандай да бір мәселе туындаған жағдайда жаңадан жұмысқа кіріскең басшы Мусакулова Дильбар Төлендіккызына хабарландырып отыруды, мәселені бірігіп шешуді тапсырды. Биылғы оку процесінде жаңа Бағдарламамен және 5 дағды бойынша жұмыстар жүргізілетінін, ҰІӘ-тер топта, аулада немесе үйқыдан тұрганнан кейін де жүргізіле беретінін және ойын түрінде өтілетінін атап көрсетti.

Қаулы:

1. Ата-ана мен балабақша тығыз байланыста болсын
2. Топтың ата-аналар комитетінің тәрайымы болып Мирзаева Р, көмекшілері ретінде Тұрдық А, Байдуллаева Э тағайындалсын.
3. Төлем жарнасы әр айдың 10-шы жүлдізына дейін Каспи терминал арқылы төленсін.
4. Бала себепсіз бақшадан қалмасын, қалған жағдайда тәрбиешіге хабардар етілсін, ауырған жағдайда анықтама талап етілсін.

Тәрайым: 
Хатшы: 

Жантаева Г.Ж
Усипбекова А.Қ

**Шымкент қаласы білім басқармасы
№53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы МКҚК**

Мектепалды «Қызғалдақ» тобы

Баяндама

Тақырыбы: «Анам,әкем және балабақша»

Тәрбиеші: Усипбекова А.К.
Каржауова М.Ж.

2022-2023 оку жылы



«Анам әкем және балабақша»

Казіргі заман талабында отбасы баланың оқу-тәрбиесіне арапасу қажеттілігі айтылған. Сондықтан да ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты дамыту өзекті мәселе болып отыр. Ата-анамен балабақша ынтымақтастығы, баланы оқыту мен тәрбиелеудегі баршаның ісі болып табылады. Отбасының да, балабақшаның да мақсат-мұддесі біреу – ол болашақ үрпақ тәрбиесі. Болашақ азамат тәрбиеленетін алғашқы ұя – отбасы, ата-ана құшагы.

Жас сәбидің алғашқы еститіні анасының мейірбан сөзі, көретіні анасының аялы алақаны. «Ұяда не көрсе, үшқанда соны іледі» немесе «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген де осының айғағы. Яғни, ата-анасының өнегесі, өнері балаға үлгі болатыны, бала үйде қандай игі істерге тәрбиеленсе, ұядан үшқанда да сол өнеге-өсінет оған сарқылmas қазына болары сезсіз.

Жазушы Фабиден Мұстафин айтқандай, «Ата-ана қадірін білген бала халықтың қадірін біледі. Ол үшін өз халқының дәстүрін, өнерін, мәдениетін, тілін қадірлеуді ата-ана және ұстаз болып үйрету керек».

Ендеше, «Жұмыла көтерген жүк женіл» демекші, отбасы мен балабақша бірлесе, ынтымақтаса отырып, оқу-тәрбие жұмысын мақсатты түрде жүргізсе, елдің халқының дәстүрін сыйлайтын, үлтжанды жеткіншек өсіру мақсатымыз өтелері сезсіз. Болашақ үрпақ тәрбиесін іске асырып отырган кез келген мекеме үшін отбасымен жұмысты тиісті дәрежеде ұйымдастырудың маңызы өте зор. Себебі, отбасы баланың түпкі тамыры, болмысын қалайтын мекен. Сондықтан да балабақшаның оқу-тәрбие жұмысында ата-аналармен жұмысқа ерекше мән беріледі. Сол себепті ата-аналармен жұмысқа үлкен көңіл бөлу керек.

Біздің алға қойған мақсатымыз – ата-ана арасындағы ынтымақтастықты құру.

Алдымызға қойған міндеттеріміз:

1. Ата-аналарға балалардың жас ерекшеліктеріне сай педагогикалық кеңес беру.
2. Балабақшадағы іс – шараларға ата-аналарды қатыстыру.
3. Ата-аналарды балабақша өмірімен қызықтыру.
4. Үлгілі ата-аналар бұрышын жасау.
5. Ата-аналарды балабақша өмірімен қызықтыру.
6. Балаларды дамытудың диагностикасын жасау.

7.Күнделікті оқу-тәрбие жұмысына ата-аналарды тарту.

Әке мен шеше –баланың алғашқы тәрбиешілері.Ата-аналар бала бақытының шынайы бағбаны болуы тиіс.Бала бақыты –білімде.Білім –бір құрал.Білімі көп адам құралы сай ұста сияқты,не жасаса да келістіріп жасайды дейді Ахмет Байтұрсынов.Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасының басым рөлін мойындай бірлесе жұмыс атқару керек.Бала психикасы үйдегі көрген-білген,естіген мәліметтермен толығады.Әрбір ұстаз ата-аналармен қарым-қатынас жасауда түрлі тәсілдерді,қазіргі жаңа техноологияларды пайдалана отырып,ата-аналардың қызығушылын арттыру мақсатында жұмыс атқарса,ата-ананың балабақшага ,тәрбиешіге деген көзқарасы өзгерер еді.

Мектепке дейінгі ұйымдардың басты мақсаты –отбасында баланы тәрбиелеуге кәсіптік көмек беру,оны ауыстырмай,тәрбиелік функцияларын жүзеге асыруды толықтыру және қамтамасыз ету арқылы жүргізу.Бұл:

- баланың қызығушылығы мен қажеттілігін дамыту;
- бала тәрбиесіндегі тұрақты өзгеретін жағдайларда ата-аналар арасындағы міндеттер мен жауапкершіліктерді бөлу;
- отбасындағы әртүрлі үрпак арасындағы қарым-қатынастың ашықтығына қолдау көрсету;
- отбасы өмірінің бейнесін жасау,отбасылық дәстүрлерді формалау;
- баланың жекелігін қабылдау және түсіну,балаға бірден –бір тұлға ретінде сену және сыйлау.

Мектепке дейінгі ұйым педагогы ата-аналармен сенімді шағын орта құру үшін олармен жұмыс мазмұны мен формаларын ойластыруы міндетті.

Ата-аналармен жұмыс формалары:

Форма(латын сөзі *forma*) –құрал,бірнәрсенің құрылымы,ұйымдастыру жүйесі.

Бұғынгі күні ата-аналар педагогикалық білімін ағартудың дәстүрлі емес,жаңашыл деп саналатын әртүрлі әдістері мен формалары қолданылып келеді:

- көрнекі насиҳаттау;
- онлайн бақылау;
- отбасына қатынау;
- консультациялық пункттер;
- ата-аналар жиналышы;

- әңгімелесу мен консультациялар;
- ата-аналар конференциялары;
- аудиозаша журналдар;
- сауалнама жүргізу;
- ашық есіктер күні;
- дөңгелек үстелдер;
- клубтар ұйымдастыру;
- біріккен бос уақыттар.

**Шымкент қаласы білім басқармасы
№53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы МКҚК**

Мектепалды «Қызығалдақ» тобы

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №2

Тәрбиеші: Усипбекова А.К.
Каржауова М.Ж.

2022-2023 оку жылы

**№ 53 «Ер-Асыл» бебекшай бақшасы
Мектепалды «Қызығалдақ» тобы**

**Ата-аналар жиналышы
Хаттама №2**

Төраға: Усипбекова А

Хатшы: Каржауова М

Күні: 05.12.2022 ж

Уақыты: 13.30

Катысқаны: 13

Катыспағаны: 12

Шакыртылды: 25

Күн тәртібі:

1. «Дені саудың –тәні сау» (баяндама)
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктерге дайындық іс-шаралары
3. Эртурлі мәселелер

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Усипбекова Айманның «Дені саудың-тәні сау» атты баяндамасынан қысқаша үзінді тындалды. «Қазақ халқымыз «Дені саудың –тәні сау» деп бекер айтпаған. Расында да жаны таза жақсы адамның дені сау болса, тәні де сау болады. Халқымыздың бұл нақыл сезі өмірден алынған. Денсаулық –ең басты байлық екенін бәріміз де білеміз. Денсаулық –адам өміріндегі басты құндылықтардың бірі. Егер адамның денсаулығы жақсы болса, онда сол адамның келбеті, аяқ-колы, дene бітімі де сау болады. Дені сау үрпак –ұлт болашағы демекші, спортпен айналысу, салауатты өмір салтын ұстану – денсаулықтың кепілі» деп аяқтады. Осы тындалған баяндамадан кейін тәрбиешілер шешім шығаруды үйгарды

Шешім:

1. Өсіп келе жатқан жас жеткіншектің денсаулығына ең алдымен ата-ана жауапкершілік алсын.
2. Салауатты өмір салтын ұстану қағидасын балаға жастайынан менгерту.
3. Балаларға денсаулық туралы мақал-мәтелдерді жатқа айтқызып үйрету керек.

Шешіммен барлық ата-ана бірауыздан келісті.

Сөз алды:

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Каржауова Маржан алдагы Жаңа жылдық шыршага дайындық іс-шаралары туралы қысқаша айтып өтті. Шырша мерекесінде көптеген кейіпкерлер катысып, әдемі киімдер киіп, ән шырқайтынын, түрлі билер билейтінін айтты. Балабакшада мерекелік концертке арнағы киімдердің жеткілікті екенін айтып, егер басқа костюмдер кигіземіз десеніздер осы бастан айтып қойыңыздар деп ескертті. Сонымен қатар бір бала болса да өнер көрсетпей қалмайтынын, барлық бала Аяз атадан сыйлық алуға құштар болып тұратынын айтты. Берілген тақпақтарын әдемі етіп жаттап алу керектігін айтты. Тәрбиешінің сөзінен кейін ата-аналар тарапынан мерекелік сыйлық туралы әртүрлі ұсыныстар түсе бастады.

Сөз алды:

Ата-аналар комитетінің төрайымы Мирзаева Райхан сөз алып, барлық ата-ананың өз баласының қалауымен сыйлық әперген дүрыс болады деді. Себебі әр баланың талғамы әртүрлі екенін айтты. Эркім өзіне ұнаган сыйлығын алып келіп, топқа қойып қойса, одан соң Аяз атаның қолынан алсын деді. Бұл ұсынысқа ата-аналар бірауыздан келісіп, алдын ала не кигізетіндерін айтып ескертеміз деді. Сыйлықты өздері алдын ала алып қоятындарын, баланың Аяз атаның қолынан алғаны әсерлі болатынын айтып өтті.

Қолдады: 13

Қолдамады: 0 (бірауыздан)



Сөз алды:

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Усипбекова Айман ата-аналарға балабакшаның күн тәртібіне бағынуды айтты. Баланы кешіктірмей балабакшага әкелуді және уақтылы алып кету керектігін айтты. Эрбір айдың төлем жарнасын кешіктірмей, айдың 10-на дейін Каспи терминалмен төлеп қою керектігін ескертті. Баланы себепсіз бакшадан алып қалмау керектігін және де өтінішті үш күнге ғана алуға рұқсат бар екенін, ауырып қалған жағдайда дәрігерден анықтама алып келуді ескертті. Сонымен қатар балалардың тазалығына да қатты көніл бөлу керек екенін ескертті.

Қауулы:

1. Ата-ана балабакшамен тығыз байланыста болсын.
2. Жаңа жылдық өртөнділікке дайындық өз деңгейінде жүргізілсін.
3. Бала себепсіз бакшадан қалмасын.
4. Төлем жарнасы әр айдың 10-на дейін Каспи терминалмен төленсін.

Төрайым: Усипбекова А

Хатшы: Каржауова М

**Шымкент қаласы білім басқармасы
№53 «Ер-Асыл» бебекжай бақшасы МКҚК**

Мектепалды «Қызғалдақ» тобы

Баяндама

Тақырыбы: «Дені саудың-тәні сау»

Тәрбиеші: Усипбекова А.К.
Каржауова М.Ж.

2022-2023 оку жылы



«Дені саудың –тәні сау»

Казак халқымыз «Дені саудың-тәні сау» деп бекер айтпаған. Расымен де жаны таза жақсы адам болса, әрине адамның ішкі тәні де сау болады. Себебі жан мен тән егіз.

Халқымыздың бұл нақыл сөзі өмірден алынған. Дені сау адамның өмірі тамаша. Денсаулық – ең басты байлық екенін бәріміз де жақсы білеміз.

Денсаулық-адам өміріндегі басты құндылық. Егер адамның денсаулығы жақсы болса, онда сол адамның келбеті, аяқ-қолы, дene бітімі сау болады.

Кез келген елдің болашағы-оның халқының денсаулығына байланысты екендігі-дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Ал біздің болашақтағы бағытымыз-салауатты өмір салты.

Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде дегенді өсіп келе жатқан үрпақтың санасына сініріп, олардың өз денсаулығына деген жауапкершілікті қалыптастыру баршаның борышы.

Денсаулық-адам жаны мен тәнінің амандығы. Дені сау адам өзі үшін де, ол өмір сүріп жатқан қоғам үшін де керек.

Халқымыздың тіршілігі мен бірлігі, жарқын келешегі көп ретте денсаулық мәдениетінің қаншалықты дәрежеде қалыптасуына байланысты.

Денсаулық- ел дамуының басты арқауы. Денсаулық сақтау біздің өміріміздегі келелі мәселелердің, өзекті міндеттердің бірі.

Жеке адамның да, мемлекеттің, қоғамның да басты байлығы- денсаулық. Осынау байлығымызға балаған денсаулығымыздың қамын ерте бастан ойлауымыз қажет екенін естен шығарып алатынымыз өкінішті-ақ.

Табиғаттың ең қымбат жемісі-адамдардың өз денсаулығына көңіл бөлгөні – өзін-өзі сыйлағаны. Осыдан-ақ табиғаттың берген сыйы тұла бойына таза қарап, өмірінің сонына дейін денсаулығы зор болып, адам атына кір келтірмей ету абзал.

Адамның денсаулығы- өмір тіршілігінің ең бірінші шарты болып табылады. Дені сау болса, адамның өзі де, жан-жағындағы адамдар да бақытты. Ауру төнсе, кең дүниені тар қылмақ, -дегендей, өкінішке орай, қымбат байлығымызға керегар әсерін тигізетін зиянды нәрселер де баршылық. Бір кездері мақтаныш көріп, жерге салып тастаған сан түрлі зауыттардың түтіні адам ағзасын тұншықтыруда.

Денсаулық – табиғаттың адамзатқа тарту еткен ең асыл сыйы. Денсаулық – бұл адамның енбекке белсенді болуы, әрі үзак өмір сүруі, тәннің саулығын сезіну. Онсыз өмірді емін-еркін сүре алмайсың. Ол жақсы болуы үшін не

уақытты, не күш-жігерді, немесе еңбекті, тіпті барлық дүниені аяマイ жұмсау керек. Денсаулығы сыр берген адам қоршаған органдың кереметін көре алмайды.

Денсаулық – тек жеке бастың ғана емес, ұлттымыздың да ұлы игілігі. Біздің бақыттымыздың оннан тоғызы денсаулығымыздың байланысты. Эрбір адам салауатты өмір салтын ұстанып, өз денсаулығына сақтықпен қараса, жаркын өмірге жол ашылады. Демек, өмірініз бен нұрлы болашағының өзініздің колыңызда екенин ұмытпаңыз.

Дені сау үрпақ – ұлт болашағы демекші, спортпен айналысу, салауатты өмір салтын ұстану – денсаулықтың кепілі.

Денсаулық туралы мақал-мәтеддер

1. Шынықсан – шымыр боларсың
2. Дәрігер дәрімен емдемейді,
Тілмен емдейді
3. Ауырып ем іздегенше,
Ауырмайтын жол ізде.
4. Денсаулық – зор байлық.
5. Дерткөп, денсаулық біреу.
6. Адамның басты байлығы- денсаулық.
7. Даны көптен шығады,
Дәрі шөптен шығады.
8. Демі бардың емі бар.
9. Бірінші байлық- денсаулық!

**Шымкент қаласы білім басқармасы
№53 «Ер-Асыл» бебекжай бақшасы МКҚК**

Мектепалды «Қызғалдақ» тобы

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №3

**Тәрбиеші: Усипбекова А.К.
Каржауова М.Ж.**

2022-2023 оку жылы

**№53 «Ер-Асыл» бебекшай бақшасы
Мектепалды «Қызғалдақ» тобы**

**Ата-аналар жиналысы
Хаттама №3**

Төрайым: Каржауова М

Хатшы: Усипбекова А

Күні: 02.03.2023ж

Уақыты: 14:30

Катысқаны: 14

Катыспаганы: 11

Шакыртылды: 25

Күн тәртібі:

- 1.Әңгіме: «Не үйреніп, не білдік?»
2. Табиғат жайлы толғаныс: «Табиғатты аялайық»
3. Эртүрлі мәселелер

Сөз алды:

Бірінші мәселе тәрбиеші Каржауова Маржан ата-аналарға оқу жылының жарты жылдық есебін берді. Ашық ұйымдастырылған оқу кызметтерін және де мерекеге сай өткізілген ертеңгіліктер жайлы да айтып өтті. Ендігі жерде алда келе жатқан 8-наурыз Халықаралық Әйелдер мерекесі мен Жыл басы-Наурыз мерекесін де ынтымқастастықтың арқасында өткізіп алатымызды айтты. Бұл мерекелерге үлкен дайындық қажет екенін де атап өтті. Киім мәселесіне аландардың қажеттілігі жоқ екенін, себебі бақшамызды ұлттық киімдердің жеткілікті екенін айтты. Берілген тақпактарды жақсылап жаттап алу керектігін айтты.

Енді білім мен тәрбие жұмыстары жайлы айтып өтуді ұсынды. Балалардың білім деңгейінің бастапқы және аралық мониторингінің қорытындысын түсіндіріп өтті. Оқу жылының басынан бері балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күні бойы кіріктірілген турде немесе жеке жоспарлау түрінде өткізілгенін айтты.

Физикалық дамыту баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ҰІӘ-і арқылы жүзеге асырылып келеді.

Коммуникативті дағдыларды дамыту баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, казак тілі ҰІӘ-тері арқылы жүзеге асырылып отырды.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ҰІӘ-тері арқылы іске асырылып келеді.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жapsыру, құрастыру, музика ҰІӘ-тері арқылы жүзеге асырылып келеді. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаган ортамен таныстыру ҰІӘ-і арқылы іске асырылып келеді.

Сонымен қатар балалардың ой-өрісінің, танымдық қабілеттерінің артуына заттық-кеністіктік ортаның да маңызы зор екенін атап айтты.

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Усипбекова Айман «Табиғатты аялайық» тақырыбында әңгіме қозғады. Әңгіме барысында ата-аналарға көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы айтылып, баланы қоршаган ортаны сүюге тәрбиелеуді отбасынан бастау қажеттігін айтты. Табиғатка деген сүйіспеншілігін арттыру үшін үйдің ауласына ағаш отырғызуды үйретіп, оған су құйғызып, топырағын қосытып отыруды менгерту керек. Тек қана ағашқағана емес гүлдерге су құюды, топырағын ауыстырып, қосытып отыруды, құстарға ұя жасап, оларға жем беруді, жалпы табиғат бөліктеріне мейірімділікпен қарауды менгерту керек екенін айтты. Күнделікті бақшага келіп жүрген бала осындағы ауланың гүлдеріне және бөлме гүлдеріне, ағаштарына су құюды, топырағын қосытып отыруды, ауланы таза ұстau керек екенін түсінеді және біледі. Жалпы алғанда табиғатты аялап, корғау керек екенін түсіндіріп өтті.



Шешім:

1. Баланы отбасында табиғатты сүюге, аялауга, оның бөліктеріне, жанжануарларға, жәндіктерге, құстарға және есімдіктерге қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу керек.
2. Табиғат аясына ата-анасымен саяхатқа көбірек шығу керек.
3. Әкесі баласымен бірге құстарға ағаштан ұя жасап, балабақшаның ауласындағы ағаштарға іліп қойылсын.

Сөз алды:

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Каржауова Маржан ата-аналарды балабақшамен тығыз байланыста болуды ұсынды. Қандай да бір мәселе туындаған жағдайда бірлесе отырып шешу керектігін, баланың оку-тәрбие ісіне байланысты тәрбиешілермен бірігіп отыра қадағалау қажеттілігін айттып өтті. Сондай-ақ баланы бақшага кешіктірмей алып келуді, төлем жарнасын да әр айдың 10-на дейін Каспи терминалмен төлеуді ескертті. Сонымен қатар балаларды ауа-райына сай киіндіруді де айттып, жинальстырылғанын дылады.

Қаулы:

- 1.Ата-аналар балабақшамен тығыз байланыста болсын.
- 2.8-Наурыз және Жыл басы-Наурыз мерекесіне арналған ертенгіліктердің дайындық іс-шарасы өз деңгейінде жүргізілсін.
- 3.Төлем жарнасын әр айдың 10-на дейін Каспи терминалмен төлесін.

Төрайым: *Каржауова М.Ж*

Хатшы: *Усипбекова А.К*